

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.2 - С.245-247

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАСЫЛ БЕЛДЕУІНІҢ КӘДІМГІ ЕМЕН ЕКПЕЛЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫН ЗЕРТТЕУ

*Амангельдинов А.,
Есмурзаева А.К.,
Боранбай Ж.Т.*

Қазақстанның жаңа астанасының ормансыз аймақта орналасуы санитарлық-қорғаныс аймағының орман екпелерінің үлесін шексіз жоғары көтереді. 1996 жылдың 09 қаңтарындағы Қазақстан Республикасы Мемкомиссиясының №39-8/81 қаулысына сәйкес астананың көшуімен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жасыл аймақтың ауданын ұлғайту туралы мәселе шешілген болатын.

Нұр-Сұлтан қаласының жасыл белдеуінің жалпы ауданы 14 827 гектарды құрайды, оның ішінде 11 502,2 гектар іс жүзінде 9,6 млн-нан астам ағаш және 1,8 млн бұтамен тырғызылды. 1997-2013 жылдар аралығында негізінен қотыр қайың, ұсақжапырақты шегіршін, жалпақжапырақты шегіршін, кәдімгі қарағай, үшкіржапырақты жиде, Қазақстан терегі, қара қарақат, бессей шиесі, татар ырғайы сияқты ағаш түрлері отырғызылды. Жалпақ жапырақты ағаштар үлесі 98,2%, ал қылқан жапырақтылар 1,8% құрайды.

Мемлекет басшысы бастамасымен Нұр-Сұлтан қаласында 1997 жылдан 2018 жылға дейін отырғызылған ағаш көшеттерінің жалпы ауданы 80 мың гектардан астам аумақты құрайды. 2020 жылы бұл көрсеткішті 100 мың гектарға жеткізуге мақсат қойылғае. Олардың шамамен 20 мыңы қала аумағында, қалған 60 мыңнан астамы қала сыртында отырғызылған.

Жасыл желек ішінде алғаш отырғызылған ағаштардың биіктігі 15-20 метрге көтерілді. Бұл, біріншіден, халықтың демалатын жері болса, екіншіден, жазда ыстықтан сая, қыста желден қорғайтын, қаланың климатын өзгертетін үлкен мүмкіндік.

Кәсіби орманшы болмаса ажырата алмайтын сүйелді қайың, ұсақ жапырақты шегіршін, кәдімгі қарағай, көде, боз жиде, терек секілді ағаштар жапа-тармағай өскен. Бұлардан өзге, неше түрлі жидектер де өсуде.

Нұр-Сұлтан қаласы маңындағы жасыл белдеудің жалпы аумағы 14 827 гектарды құрайды. Оның 11 502,2 гектарына екпе ағаштар отырғызылған. Бұл аумақта 9,6 млн.ағаш пен бұта жайқалып тұр. 1998-2004 жылдар арасында негізінен жапырақ тұқымдас көшеттер отырғызылыпты. Олардың ішінде сары қарқат, ақ көріктал, шие, татар бөріжидегі, қаужапырақты шегіршін және басқалар бар. 2014 жылы көктемде тамыр жүйесі жабық 398 434 дана сеппе көшет отырғызылған. Оның 57 мыңдайы қылқан жапырақты

болса, қалғаны орман құраушы жапырақты ағаш тұқымдары болып саналатын емен, шегірінді құрайды.

Кәдімгі емен ағашы жергілікті жерге интродуцент тұқымдас болғандықтан, бұл тұқымдастың жақсы жерсіңіп дамуы өте маңызды. Себебі қала маңындағы ағаштар түрлілігі көбейеді және басқа емен тұқымдастарың жерсіңдіруге жол ашады және бұған дейін жасыл белдеу бойындағы кәдімгі емен тұқымдастарына ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілмегендіктен, осы зерттеу жұмысының маңыздылығы жоғары.

Емен – діңі жуан әрі мықты, биік болып өсетін ағаш. Биіктігі – 40 метр, діңінің жуандығы (диаметрі бойынша) – 2 метрге дейін жетеді. Емен ағашын таулы аймақтардан, Жайық өзенінің жағалауынан табиғи түрін көруге болады. Еменнен ғана құралған ормандар ТМД елдерінде ғана бар. Ал, қала көгалдандыруда оны қала көшелерінен кездестіруге болады. Емен гүлдеп жеміс салады. Жаңғақтан өсіп шыққан емен ашық жерде өссе 20 жылдан кейін, ал орманды жерде өссе 50 жылдан кейін гүлдейді. Қызғылттау келген гүлі көктемде жапырағымен бірге шығады. Бұтақтары кең жайылып өседі. Сондықтан жас көшетін бірден кең орынға егу керек. Еменнің жапырағы мен жаңғағы өте әдемі. Жапырағының жиегі ирек, кесік және түзу түрлері де бар. Түсі қызыл, қоңыр, ашық жасыл. Бойы биіктеген сайын көлемі де ұлғайа түседі. Емен алғашқы уақытта жай өседі, 10 жылдан соң жылдық өсімі 0,6-1 метрге жетеді. Емен биіктігімен қатар жайылып өскенді ұнатады. Кейде бір жыл ішінде жанынан шыққан бұтақтар 2 метрге дейін өседі. Осыған орай, халық арасында «Емен тон киіп өседі» деген сөз бар. Сондықтан оны өзге өсімдіктерге жақын екпеу керек. Емен 800-1000 жылға дейін өмір сүреді. Көгалдандыру мақсатында қала жағдайында өсірілген емендерден гөрі табиғи жағдайда өсетін емендер көп жасайды. Қабығы мен жаңғағы емдік мақсатта қолданылады. Ал, жас жапырақты бұтақтарынан сыпыртқы жасап, моншада пайдаланады. Діңі мықты болғандықтан, әдемі де қымбат есіктер мен едендер осы емен ағашынан жасалынады. Емен өте мықты ағаш болғандықтан, құрылыста жиі пайдаланылады. Өскенде кеңге жайылып, көлемді орын алатындықтан, оны жеке аулаларға, тарлау жерлерге отырғызған тиімсіз. Көбінесе үлкен саябақтарға, көше, жол жиектеріне егіледі. Емен ерекше күтімді қажет етпейді. Топырағының құнарлы болғаны дұрыс. Бастапқыдағы қақаған аяз бен ызғарлы суыққа төзімді болуы үшін емен көшеттерінің тамырын терең егу қажет. Емен екпелерінің температураға бейімделуін зерттеген ғалымдар, оның жоғары температурада өзін жақсы сезінетінін анықтаған [1]. Яғни, Нұр-Сұлтан қаласы жағдайында кәдімгі емен екпелерін өсіру, біраз қиындықтар тудыратыны сөзсіз.

Нұр-Сұлтан қаласы аумағындағы қорғаныш орман жолағында өсіп жатқан кәдімгі емен екпелерінің өсу жағдайын зерттеу, оларға баға беру арқылы болашақта олардың жақсы жерсіңіп кең көлемде өсуін қамтамасыз етуге болады. Кәдімгі емен тұқымдастарының жергілікті климатқа бейімделу дәрежесін қарастыру, олардың болашақта жақсы дамып, өсуіне жағдайлар жасау жұмыстарын жүргізу қажет [2].

Жасыл белдеу бойында кәдімгі емен тұқымдастарының өсу, даму

факторларын анықтау арқылы, олардың болашақта тіршілігің тоқтатпай, өсуіне қолайлы жағдай жасалады.

Жасыл белдеуде жүргізілген зерттеулер бойынша кәдімгі емен ағашының екпелерінің өсімі және биіктігі жоғары деңгейде қалыптасқан. Зерттеулер нәтижесінде әр түрлі көрсеткіштер бақыланған, бұл жағдай кеміргіш жануарлардың кәдімгі емен екпелерін зақымдау нәтижесінде болып отыр. Бақылау кезінде кәдімгі емен екпелерінің діңінің жоғарғы бөлігін қысқы уақытта зақымдау кездессе, келесі жылдың көктемінде ол өсімдіктердің өсімі жоғарылағаны байқалған. Бірақ қазіргі уақытты емен ағашының биіктеп өсуіне байланысты кеміргіш қояндардың діңнің төменгі жағына көшуі байқалған, бұл жағдай олардың жағдайын әлсіретіп, өсімінің артуын баяулатып отыр [3].

Әдебиеттер тізімі

1. Dewan, S., De Frenne, P., Leroux, O., Nijs, I., Vander Mijnsbrugge, K., Verheyen, K. “Phenology and growth of *Fagus sylvatica* and *Quercus robur* seedlings in response to temperature variation in the parental versus offspring generation” // *Plant Biology* Volume 22, Issue S1, 1 January 2020, Pages 113-122.

2. Данченко М.А., Кабанова С.А. «К разработке технологии формирования ландшафтов и лесонасаждений на территории зеленой зоны городов (на примере г. Астана)» // *Вестник Томского Государственного университета.*- №354 январь 2012.- С. 180-186.

3. Кабанова С.А., Кулик К.Н., Данченко М.А. Рост интродуцентов в зеленой зоне г. Астаны // *Известия Нижневолжского агроуниверситетского комплекса: наука и высшее профессиональное образование.*-№ 1 (49).- 2018